

Құрметті әріптестер!

Бүгін біз дәстүрлі тамыз педагогикалық кеңесіне жиналып, өткен оқу жылындағы жұмысымыздың қорытындыларын шығарып, жаңа оқу жылына арналған стратегиялық бағыттарды айқындау үшін бас қосып отырмыз.

2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ауқымды трансформация жүзеге асырылуда. Ол білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды, цифрлық интеграцияны, бизнеспен өзара әрекеттесудің жаңа форматтарын, педагогикалық жаңғыртуды және интернационалдандыруды қамтиды. Біздің колледж осы бағыттардың барлығына белсенді қатысып, айтарлықтай нәтижелер көрсетуде.

Трансформацияның басты бағыты – білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту. 2024 жылы Ұлттық тізілімге Қостанай облысы колледждерінің 305 бағдарламасы енгізілді, оның ішінде 27-сі – біздің колледж оқытушылары әзірлеген, бұл жалпы санның 9%-ын құрайды. Бұл жұмыс жаңа оқу жылында да жалғасады.

Сонымен қатар білім беру қызметтерінің спектрі кеңейтілді:

- «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша қолданбалы бакалаврларды даярлау үшін лицензияға қосымшалар алынды;
- «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша 50 студенттен алғашқы қабылдау жүргізілді;
- «Электрмен жабдықтау (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы жаңартылды, оған «Электромонтажшы» жұмысшы біліктілігі қосылды, нәтижесінде оқу мерзімі 3 жыл 10 айға дейін ұзартылды.

Бұл қадамдар колледжге еңбек нарығының талаптарына жауап беруге және жаңа буын мамандарын даярлауға мүмкіндік береді.

Колледжде қосымша білім беру қызметтері белсенді дамуда. Өткен оқу жылында 1С сертификатталған оқыту орталығы ашылды. Біз Қазақстанда 1С компаниясының қолдауына ие болған сегізінші оқу орны болдық. Бұл студенттерге ресми сертификаттар алуға мүмкіндік береді және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Трансформацияның маңызды міндеттерінің бірі – басқарудың заманауи әдістерін енгізу.

– біз корпоративтік басқару мен КРІ жүйесін белсенді қолданамыз;
– 2024 жылдың қорытындысы бойынша колледж облыс колледждері арасында 1-орын алды, ал 2025 жылы өңірдің үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы деп танылды.

Бұл біздің шешімдеріміздің тиімділігін және дұрыс бағыт таңдағанымызды дәлелдейді.

Өткен оқу жылы маңызды кезең болды: колледж «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндіріс» мамандығы бойынша халықаралық салалық аккредитациядан сәтті өтті. Біз Қостанай облысында бірінші, Қазақстан бойынша алтыншы колледжбіз. Бұл – біздің бағдарламаларымыздың халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін, түлектердің әлемдік еңбек нарығына шығу мүмкіндігін және колледждің жоғары бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Алдағы уақытта «Электрмен жабдықтау» және «Машина жасау технологиясы» мамандықтары бойынша аккредитация жоспарлануда.

Колледж бизнеспен серіктестікті белсенді дамытып келеді:

- 110-нан астам кәсіпорынмен келісімшарт жасалған;
- студенттердің 100%-ы тәжірибеден өтумен қамтамасыз етілген;
- колледжге қамқорлық жасайтын 7 кәсіпорын бар, олардың ішінде «Баян Сұлу» АҚ, «ЭПК-forfait» ЖШС және басқалар.

2022 жылдан бастап кәсіпорындардың тапсырысы бойынша кадр даярлау жүйесі жұмыс істейді. Колледж «СарыарқаАвтоПром», «Баян Сұлу», «KamLitKZ», «АгромашХолдинг KZ», «ЭПК-forfait» сияқты ірі компаниялар үшін мамандар даярлайды. Өткен оқу жылында студенттердің 35%-ы мақсатты мемлекеттік тапсырыс аясында оқыды, ал жана оқу жылында 135 студент (34%) осы жүйемен қамтылады. Биыл алғаш рет KIA зауыты үшін 15 маман даярлауға мақсатты тапсырыс алынды.

Дуальды оқыту жүйесі студенттердің 44%-ын қамтып, олардың өндірісте тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Жұмыс сапасының негізгі көрсеткіші – түлектерді жұмысқа орналастыру.

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша:

- түлектердің 79%-ы жұмысқа орналасты;
- олардың 82%-ы бірінші жылы-ақ мамандығы бойынша жұмысқа тұрды.

Бұл біздің түлектеріміздің сұранысқа ие екенін және даярлықтың сапалы екенін көрсетеді.

Бұл нәтижеге білім беру бағдарламаларының өзектілігі, озық кадр даярлау жүйесі, жұмыс берушілермен тиімді байланыс және кәсіпорындардың қызығушылығы ықпал етті.

Маңызды бағыттардың бірі – WorldSkills қозғалысын дамыту. Нәтижелер:

- соңғы жылдары Қостанай облысының студенттері 30 медаль жеңіп алды;
- 2025 жылы колледж командасы өңірлік чемпионатта 18 медаль алды (8

алтын);

- 8 студент ұлттық чемпионатқа қатысады.

Бұл – студенттердің тәжірибелік дағдылары мен педагогтардың шеберлігінің көрсеткіші.

Педагогикалық әлеует

Біздің жетістіктеріміз мықты педагогикалық ұжымның арқасы:

- 84 педагог жұмыс істейді;
- 3 ғылым кандидаты;
- 4 педагог-шебер;
- 24 педагог-зерттеуші;
- 29 магистр.

Колледж педагог кадрларының сапасы бойынша облыста 1-орында.

Құрметті әріптестер!

Жаңа оқу жылында негізгі бағыттар:

1. Жаңа өндірістерге сәйкес мамандықтарды кеңейту
2. Индустрия 4.0 дағдыларын дамыту
3. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект енгізу
4. Бизнеспен серіктестікті дамыту
5. Халықаралық ынтымақтастықты күшейту

Барлық жетістіктер – ортақ еңбектің нәтижесі. Алдағы жылы бұдан да үлкен нәтижелерге жетеміз деп сенемін.

Назарларыңызға рақмет!